

Алматы облысының орталығында, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда, кенттер мен ауылдық елді мекендерде жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы мәслихатының 2012 жылғы 03 мамырдағы N 4-23 шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2012 жылғы 03 мамырдағы N 114 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 21 мамырда N 2092 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2019 жылғы 31 шілдедегі № 51-259 шешімімен және Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 6 тамыздағы № 333 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 31.07.2019 № 51-259 шешімімен және Алматы облысы әкімдігінің 06.08.2019 № 333 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 10-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 13)-тармақшасына, 27-бабы 1-тармағының 8)-тармақшасына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы облысында жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай облыс орталығында, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда, кенттер мен ауылдық елді мекендерде жер учаскесін жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары осы шешімнің және қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы бірлескен Алматы облыстық әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімінің орындалуын бақылау жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен Алматы облыстық әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімі алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мұсаханов

Облыстық мәслихат

сессиясының төрағасы
Облыстық мәслихаттың
хатшысы

А. Мәмбеталиев

С. Бескемпіров

Алматы облыстық мәслихатының
2012 жылғы 03 мамырдағы
N 4-23 бірлескен шешіміне
және Алматы облысы әкімдігінің
2012 жылғы 03 мамырдағы
N 114 қаулысына "Алматы
облысының орталығында,
облыстық және аудандық маңызы бар
қалаларда, кенттер мен ауылдық
елді мекендерде жер учаскелері
жеке меншікке берілген кезде
олар үшін төлемақының базалық
ставкаларын бекіту туралы"
қосымша

Алматы облысының орталығында, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда, кенттер мен ауылдық елді мекендерде жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары

Елді мекендер	1 шаршы метр үшін теңгемен төлемақының базалық ставкасы	
Талдықорған қаласы (облыс орталығы)	1150	
	Облыс орталығы ставкаларының пайызы	
Облыстық маңызы бар қалалар	85	
Аудандық маңызы бар қалалар	75	
Субтропикалық шөлейт және тау бөктеріндегі – шөлейт аймақтарда орналасқан кенттер және ауылдық елді мекендер	Кенттер	Ауылдық елді мекендер
	30	18

Ескертпе: қалалардағы жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкалары олардың бас жоспарларында анықталған шекара шегінде қолданылады.